

6D110100 – медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін ізденуге ұсынылған Менчишева Юлия Александровнаның
«Жақ-бет аймағының жұмсақ тіндерінің отадан кейінгі жараларының жазылуын
оңтайландыру үшін PRP-терапиясын қолдану»
диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың өзектілігі

Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығының статистикалық мәліметі бойынша Қазақстан Республикасында жыл сайын орташа есеппен тері және тері асты-май өзектеріне 47 438 ота жасалады. Жақ-бет аймағына қайта өңдеу-пластикалық және эстетикалық оталарды жасау кеңінен орын алуда (Виссарионов В.А., 2002; Адамян Р.Т., 2004; Белоусов А.Е., 2004). Кейбір авторлардың деректері бойынша (Воздвиженский И.С., 2003; Оганесян А.Р., 2004) қайта өңдеу оталарынан кейінгі асқынулар 8%-дан 32%-ға дейін кұрайды.

Ота жасап емдеуден кейінгі «мінсіз» тыртықты қалыптастыру мәселесі ерекше орын алуда (Аникин Ю.В., 2004; Белоусов А.Е., 2004). Отадан кейінгі тыртықтың сапасы көптеген факторларға байланысты: ағзаның жалпы жағдайына, аурудың мінездемесіне, хирургтің тәжірибесі, тігіс материалының түрі және тағы басқалар (Бельченко В.А., 2001; Касымов А.И., 2004; Амануллаев Р.А., 2005). Бет аймағындағы тыртық науқастың психо-эмоциялық жағдайына және оның кәсіби қызметіне әсер етеді, жақ-бет аймағының жұмсақ тіндерінің отадан кейінгі жараларының жазылу процессін оңтайлауға бағытталған әдістерді өңдеу, асқынулардың санын төмендету және тыртықтың сыртқы түрін жақсарту өзекті мәселенің бірі болып қалуда.

PRP-терапиясы – бұл әр түрлі ауруларды, оның ішінде әр түрлі себепті жараларды емдеуге арналған, аутологиялық тромбоцитке бай сары суды қолдану негізіндегі тәсілдің атауы (Platelet Rich Plasma - PRP). PRP науқастың қанынан алынған, цитокиндерден, өсу факторларынан, хемокиндер және фибриннен құралған, оның әсер ету механизмі жараның қалыпты жазылу процессінің молекулярлық және жасушалық индукциясынан жасалған (Ахмеров Р.Р., 2011; Просьянникова Н.В., 2014). Әдебиет мәліметтері бойынша дәстүрлі емдеу әдісіне қарағанда, аутологиялық тромбоцитке бай сары суды қолданған соң жараның толық кілегейленуі шын мәнінде тезірек басталады (Gassling V.L., 2009; Saluja H., 2011). PRP-терапиясы медицинаның әр түрлі аймағында кеңінен қолданылады: жалпы хирургияда, травматологияда, гинекологияда, дерматологияда, офтальмологияда, стоматологияда және жақ-бет хирургиясында. Бір қатар авторлардың пікірі бойынша PRP-ді қолдану экономикалық тұрғыдан тиімді емдеу әдісі және асқынудың төмендеуіне және емдеуге жұмсалатын шығының азаюына әкеледі, сырқаттың өмір сапасына жағымды әсер етеді (Villela D.L., 2010; Yang K.C., 2012).

Қазақстан Республикасында тромбоцитке бай сары суды дентальдық имплантацияда, геронтостоматологияда, пародонтологияда және жақ-бет

хирургиясында сүйек ақауларын ота жасап емдегенде, жақ сынғанда, ісікшелерді алып тастаған соң қуыстарды толтыруға, ретинделген тісті суырғанда, сүйекті қалпына келтіруде ынталандырғыш ретінде пайдалану туралы ғылыми жұмыстар кездеседі. Ботабаев Б.К. (2010) өз жұмысында егде және қартайған жастағы әр түрлі адентиясы бар науқастарды отадан кейінгі кезеңде жан жақты оңалтуда сүйек жарасын репаративті қалпына келтіру мақсатында тромбоцитке байытылған сары суды аутосүйектік материалмен бірлестіре отырып дентальдық имплантацияда қолданған. Б.А. Умбаеваның (2015) жұмысы тромбоцитке бай аутологиялық сары су және амниотикалық мембрана негізінде жара жапқыштарының жараны жазу қасиетін зерттеуге және өңдеуге арналған.

Шет елдік әдебиеттер мәліметі бойынша PRP-терапиясын қолдану толық кілегейленудің басталуын жылдамдатады (Nom D., 2007), асқынудың алдын алуға ықпал етеді (Khalafi R. және басқалар, 2008), ауруын азайтады және оңалту мерзімін қысқартады (Spyridakis M. және басқалар, 2009), тыртықтануды кішірейтеді (Yoo J. және басқалар, 2008). Сонымен бірге, жақ-бет аймағында өңдеу-пластикалық және эстетикалық жүргізілген отадан кейін жұмсақ ұлпалардың қалпына келуіне арналған, әсіресе қосымша аурулары бар науқастарда асқину қатерінің дамуын байқауға бақыланатын зерттеулердің, сондай-ақ, ота жасап емдеудің шалғай қортындысын бағалауға және сырқаттың бетіндегі тыртықтың сырт түріне қанағатылығын зерттейтін жұмыстар, біздің ойымызша, әліде жеткіліксіз.

PRP-ді алу жолы, әдебиеттік мәліметтер бойынша, ұсынылатын еселігімен, центрифугаландыру жылдамдығы және уақытымен ерекшеленеді, аутологиялық тромбоцитке бай сары суды қолдану әдістері және оны алудың стандарттық тәсілдерінің болмауымен түсіндіріледі (Pietrzak W.S., 2005; Reese R.J., 2010).

Зерттеу мақсаты: жақ-бет аймағының жұмсақ тіндерінің отадан кейінгі жараларының жазылу процессін оңтайлауда тромбоцитке бай сары суды қолданудың тиімділігін бағалау.

Зерттеу объектісі: Алматы қаласының №5 қалалық клиникалық ауруханасының №1 бас қаңқасы-жақ-бет және өңдеу хирургиясы бөліміне жоспарлы түрде, 2017 жылдың мамыр айынан 2018 жылдың мамыр айы аралығында, өңдеу-пластикалық және эстетикалық ота жасау мақсатымен түскен 18-ден 60 жастағы науқастар. Дискриминанттық талдау көмегімен математикалық модельдеу және логистикалық регрессиялық теңдеуді қолдану арқылы барлық таңдап алынған науқастарда отадан кейінгі алғашқы уақыттағы асқынудың жоғары қаупін болжанды. Науқастар 2 топқа бөлінді: науқастардың 50% негізгі топты құраса, науқастардың 50%-салыстырма тобы.

Зерттеу пәні: аутологиялық тромбоцитке бай сары суды қолданудан соң жақ-бет аймағы жұмсақ тіндерінің отадан кейінгі жараларының жазылу процесі.

Зерттеу міндеттері:

1. Алматы қаласы №5 қалалық клиникалық ауруханасының №1 бас сүйек-жақ-бет және өңдеу хирургиясы бөлімі негізінде жасалатын өңдеу-пластикалық

және эстетикалық отадан кейінгі асқынған оқиғаларға ретроспективтік талқылау жүргізу.

2. Дискриминанттық талдау арқылы тәуекелдік факторын және логистикалық регрессия көмегімен өңдеу-пластикалық және эстетикалық ота жасау жоспарланған науқастардағы отадан кейінгі кезеңдерде болуы мүмкін асқынуды болжауға мүмкіндік беретін формуланы шығару.

3. PRP-терапиясының жақ-бет аймағының жұмсақ тіндерінің отадан кейінгі жараларының жазылуына әсерін заманауи сараптамалау әдістерімен зерттеу және талқылау: ImageJ бағдарламасының көмегімен динамикалық тұрғыдан тыртықтың енін өлшеу, жара бөліндісін цитологиялық және иммуноферменттік талдау, ультрадыбыстық зерттеу.

4. Науқастың өмір сапасын және PRP терапиясын қолдану арқылы емдеу қортындысына қанағаттанғанын анықтау.

Ғылыми жаңалығы:

1. Отадан кейінгі асқынуларды ретроспективтік талқылау негізінде Алматы қаласы №5 қалалық клиникалық ауруханасының №1 бас сүйек-жақ-бет және өңдеу хирургиясы бөлімінде өңдеу-пластикалық және эстетикалық жасалған отадан кейін жақ-бет аймағының жұмсақ ұлпасы жарасының жазылуына әсер ететін ең маңызды факторлар анықталды.

2. Дискриминанттық талдау арқылы және логистикалық регрессия көмегімен жақ-бет аймағына пластикалық және өңдеу отасы жасалуы жоспарланған сырқаттардағы отадан кейінгі алғашқы кезеңде асқину қатерінің жоғары даму қаупін анықтайтын есеп формуласы әзірленді.

3. Компьютерлік ImageJ бағдарламасының көмегімен жақ-бет аймағының отадан кейінгі жұмсақ ұлпасы жарасына алғаш рет планиметрия жүргізілді.

4. Жақ-бет аймағының отадан кейінгі жұмсақ ұлпасы жарасының жазылу процессін оңтайлауда PRP-ді қолданудың тиімділігі және негізділігі дәлелденді, ол былай анықталды: цитологиялық талдау қортындысы бойынша отадан кейінгі жараның жазылу процессінің барлық сатысының оңтайлануы; иммуноферменттік талдау бойынша PRP-дің қабынуға қарсы әсері және пролиферация сатысында – фибробласт жасушаларының белсенділігімен; ультрадыбыстық зерттеу бойынша-отадан кейінгі жараның жұмсақ тіндерінің айналасындағы инфильтрация және лимфостаздың азаюымен.

5. DLQI (өмір сапасының дерматологиялық индексі) анықтау қортындысы бойынша PRP-терапиясын қолдану отадан кейінгі науқастардың өмір сапасының жақсаруына мүмкіндік берді, POSAS шкаласы бойынша отадан кейінгі 1 және 3 айдан соң жақ-бет аймағындағы тыртықтың жағдайын науқастың және дәрігердің бағалауы арқылы тыртықтың эстетикалық түрінің жақсаруына сеп болды.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы:

1. Біз әзірлеген формула отадан кейінгі алғашқы кезеңде асқынудың болуын болжап қатерлік қауіпі бар науқастарды анықтауға мүмкіндік туғызды.

2. PRP-терапиясын қолданып отадан кейінгі жараның жазылуын оңтайлататын ұсынылған әдіс асқину санын салыстырма тобында 1,6 есе 10% дан, негізгі топта 6%-ға дейін азайтуға мүмкіндік жасады, науқастардың отадан

кейін емханада болу уақытын 2,6 күнге қысқартты, салыстырма тобында $9,8 \pm 0,4$ күн, негізгі топта $7,2 \pm 0,3$ күн ($p < 0,05$).

3. Компьютерлік планиметрияның, цитологиялық, иммуноферменттік талдаудың, ультрадыбыстық зерттеудің сараптамалық маңыздылығы зерттелді, POSAS шкаласы бойынша бағалау және науқастың өмір сапасы индексі (DLQI), анықталды, сондықтан емдеудің тиімділігін бағалау үшін оларды кеңірек қолдануға мүмкіндік берді.

4. Жақ-бет аймағының отадан кейінгі жұмсақ ұлпасы жарасының жазылу процессін оңтайлауда PRP-ді қолдану қортындысы бойынша ұсынылған зерттеу әдістері негізінде PRP-терапиясының әсері бары анықталды: кілегейлену мерзіміне, цитологиялық талдау бойынша, ол негізгі топтағы науқастарда $12,25 \pm 0,5$ тәулікті құраса, салыстырма тобындағы науқастарда $16,04 \pm 0,6$ тәулік болды; иммуноферменттік талдау бойынша, фибробласт жасушаларының пролиферация сатысында белсенділігіне; ультрадыбыстық зерттеу бойынша ісінудің, инфильтрация және лимфостаздың айқындылығына.

5. Асқынудың алдын алу барысында және отадан кейінгі тыртықтың сапасын жақсарту арқылы, PRP-ді қолдану науқастардың өмір сапасын жоғарлатуға мүмкіндік берді.

6. Қолданылған PRP-ді, науқастың қанын бір рет 5 минут аралығында айналым жылдамдығы 3000 айналым центрифугадан өткізу негізіндегі алу тәсілі экономикалық тұрғыда қол жетімді, қосымша жабдықтарды сатып алуды қажет етпейді және тәжірибелік денсаулық сақтау саласында оңай қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1. Қатерлік қауіпті болжау әдісі жақ-бет аймағында өңдеу-пластикалық және эстетикалық отадан кейінгі алғашқы кезеңде асқынудың болуы мүмкін науқастарды топқа бөлуге мүмкіндік береді.

2. Жақ-бет аймағының отадан кейінгі жұмсақ ұлпасы жарасының жазылу процессін оңтайлауда PRP-терапиясы тиімді әдіс болды, оны цитологиялық, иммуноферменттік талдаудың және ультрадыбыстық зерттеудің оң нәтижелері, отадан кейінгі алғашқы кезеңдегі асқынулардың азаюын көрсетті.

3. Жақ-бет аймағының отадан кейінгі жұмсақ ұлпасы жарасының жазылу процессін оңтайлауда PRP-терапиясын қолдану, отадан кейінгі алғашқы уақытта болатын асқыну қауіпі жоғары дамуы мүмін науқастарда планиметрия қортындысы бойынша және отадан кейінгі тыртықты POSAS шкаласы бойынша 1 және 3 айдан соң бағалау, аз байқалатын тыртыққа жету және эстетикалық нәтижесі оң қортындыға жетуге мүмкіндік туғызды.

4. PRP-терапиясын қолдану, DLQI, өмір сапасы дерматологиялық индексін анықтау қортындысы бойынша науқастың жақ-бет аймағындағы өңдеу-пластикалық және эстетикалық жасалған отадан кейінгі өмір сапасын жоғарлатуға мүмкіндік берді.

Докторанттың жеке қосқан үлесі: диссертациялық жұмыстағы көрсетілген барлық нәтижелер және бар ғылыми жаңалықтар, автордың өз еңбегімен алынды. Автор ота жасаушы немесе ассистент ретінде ота жасауға қатысты, оның нәтижесін соңынан клиникалық-зертханалық және құралдық

зерттеу әдістері көмегімен бағалады. Отадан кейінгі алғашқы уақыттағы асқынудың даму қауіпі жоғары науқастардың отадан соң жақ-бет аймағы жұмсақ ұлпалары жарасының жазылуын оңтайлау тәсілін автор Алматы қаласының №5 қалалық клиникалық ауруханасының «№1 бас қаңқасы-жақ-бет және өңдеу хирургиясы» бөлімінің іс-тәжірибесіне енгізді (ендіру актісі №19-2, 22.05.2019 ж.).

Жұмыс апробациясы:

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары баяндалды:

1. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Хирургиялық стоматология және жақ-бет хирургиясының өзекті мәселелері» 2-3 маусым 2017 ж., Ыстық-Көл облысы, Сары-Ой, Қырғыз Республикасы.

2. V-ші ғылыми-тәжірибелік конференцияда халықаралық қатысумен «Фармация және стоматология басымдықтары теориядан тәжірибеге», Алматы, 14 желтоқсан 2016 ж.

3. Халықаралық конгресте 2nd International Biomedical Congress. – Sofia, 17 – 19 қараша 2017 ж., Болгария

4. №5 қалалық клиникалық ауруханасының ғылыми-тәжірибелік конференциясында Алматы, 30 наурыз 2018 ж.

5. I-ші Евразиялық конгресте «XXI ғасырдағы жақ-бет хирургиясы және стоматология» Казань, 27-28 қыркүйек 2018 ж.

6. Халықаралық конференцияда «Fundamental research carried out by young researchers and doctoral students» Almaty, қараша 20-21, 2018 ж.

7. Стоматология мектебі жас ғалымдарының ғылыми – зерттеу жұмыстары сайысының II-ші сатысында. Алматы, 29 қараша 2018 ж.

8. Халықаралық ғылыми-білім беру конференциясында «Стоматология және жақ-бет хирургиясындағы мультидисциплиналық үйлесімдік». Туркестан, 29-30 сәуір 2019 ж.

9. Студенттердің, жас ғалымдардың және оқытушылардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Ақанов оқулары: БМЖКті жаппай қызмет көрсетуді қамтудағы рөлі». Алматы, 24-25 сәуір 2019 ж.

10. VI-ші Қазақстан стоматологтарының халықаралық конгресінде «XXI ғасырдағы стоматология білімі, ғылымы және тәжірибесі» стоматология факультетінің 60-жылдығына. Алматы, 29 – 30 мамыр 2019 ж.

11. КЕАҚ «ҰМУ» Хирургиялық стоматология кафедрасының кеңейтілген отырысында.

12. Профессор К.А Абдуллинаны еске алуға арналған VII-ші Халықаралық ғылыми-білім беру конференциясында «Фармация және стоматология басымдықтары теориядан тәжірибеге» Алматы, 22 қараша 2019 ж.

Жарияланымдар:

Зерттеу қортындысы бойынша 15 ғылыми жұмыс жарияланды, олардың 6 – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда басылды; 1- журналда, халықаралық базаға кіретін Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) және Scopus; 5 – халықаралық конференция материалдарында, оның 3-і шет елдік, 3 – басқада ғылыми басылымдарда.

Диссертацияның көлемі және құрылымы:

Диссертациялық жұмыс 183 компьютерлік мәтін бетінде баяндалған, кіріспеден, 3 тараудан: әдебиетке шолу, материалдың және зерттеу әдістерінің, өз зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы; талқылау; қортынды; тұжырымдар; әдебиеттер тізімі 350 деректемеден тұрады. Жұмыс 64 суреттер және 23 кестелермен көркемделген.